ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 желтоқсан №4360-24-00-2/2849 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнебайланысконференция арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Құмар» атауымен әрекет етуші Айдана Саясатқызы Құмар

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі К.А.Алтаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 1 ақпанда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №43 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасып, Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жалпы сомасы 471 500 теңгеге жылытқыш тауарын Тапсырыс берушіден өтінім алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Тапсырыс беруші тарапынан тауарларды жеткізу туралы өнім берушіге 2024 жылдың 28 тамызында мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы өтінім берілген, яғни келісім шарттың қосымшасында көрсетілген тауарларды 2024 жылдың 12 қыркүйегіне дейін жеткізуі қажет болған.

Осы өтінімге сәйкес, жауапкер тарапынан жеткізілген тауар, келісім шарттың қосымшасы болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне байланысты, қабылдаудан бас тартылған.

Алайда, жауапкер тауарларды техникалық ерекшеліккке сәйкестендіріп ауыстырып бермеген және Шартқа сәйкес өзіне алған міндеттерін орындамаған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамауына байланысты, талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 10 қазанда сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қою бойынша жазбаша пікірін ұсынбаған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерге сот отырысы туралы тиісті түрде хабарланғанымен сотқа дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-тармағына сәйкес шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 8-бабының 4-тармағына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер Шарттың 1,2-қосымшаларына сәйкес жалпы сомасы 471 500 теңгеге жылытқыш тауарын Тапсырыс берушіден өтінім алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенгенімен, Шарт талаптары тиісінше орындалмай, 2024 жылғы 16 қыркүйекте талап қоюшы Шартты бұзуға

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 17.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Елшібеков Б. Е., 20.01.2025

хабарлама жолданып, 2024 жылғы 28 қазанда жауапкермен шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 10 қазанда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қою қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысын өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Құмар» атауымен әрекет етуші Айдана Саясатқызы Құмар мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Құмар» атауымен әрекет етуші Айдана Саясатқызы Құмардан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 17.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Елшібеков Б. Е., 20.01.2025

4360-24-3-1/2976